

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Астана қ.

№000340005229/260037/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Маруфов Аскар Яхьяханович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "KASTORG" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Приказа негізінде әрекет ететін Басшысы Хватова Марина Викторовна атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2026-02-12» жыл № 16293948-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 003--167 ;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 2 519 527.00 (екі миллион бес жүз он тоғыз мың бес жүз жиырма жеті тенге нөл тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 158 951.62 тенге (жүз елу сегіз мың тоғыз жүз елу бір тенге алпыс екі тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Шарт

003 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету бюджеттік бағдарламасы, 167 Ерекше шығындар ерекшелігі бойынша - 2 087 977.00 (екі миллион сексен жеті мың тоғыз жүз жетпіс жеті тенге нөл тиын) оның ішінде ҚҚС 2026 жылы қаражаттар есебінен қаржыландырылады;

003 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету бюджеттік бағдарламасы, 167 Ерекше шығындар ерекшелігі бойынша - 431 550.00 (төрт жүз отыз бір мың бес жүз елу тенге нөл тиын) оның ішінде ҚҚС 2026 жылы

қаражаттар есебінен қаржыландырылады. Осы шарттың қолдануы туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



2.3 Шарт күшіне енгеннен кейін Тапсырыс беруші Шартқа 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді. Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау ескеріле отырып, көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, Тапсырыс беруші шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 (елу) пайыз мөлшерінде аванстық төлем жүргізеді.

Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

Егер өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, тауарларды жеткізу үшін толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелерді орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы құрайтын Шарттың сомасының 125 976.35 теңгеге тең бес пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын, бұл жалпы 125 976.35 ((жүз жиырма бес мың тоғыз жүз жетпіс алты тенге отыз бес тиын)) теңгені құрайды:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және



тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

Осы тармақшаның талаптары қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;



2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 584-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама



5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.



5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушінің тауарды қабылдау-беру актісін ресімдегені туралы хабарламаның веб-порталында осы Шарт бойынша ақпаратты толтырады және оған электрондық-цифрлық қолтаңбамен қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартады.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге веб-портал арқылы хабарлайды.

6.3 Егер сатып алынатын тауарды дайындаушы зауыт немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, жеткізілетін тауар үшін кепілдік кезеңі осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес айқындалады. Ауыстырылған немесе жөнделген тауардың кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауардың ақауларын жою, ауыстыру, оның ішінде кедендік тазартумен байланысты барлық шығындарды жеткізуші де көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюдың кешігуі жеткізушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі



соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайыздан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған жағдайда, Заңның 26-бабына сәйкес Өнім беруші енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2026-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас



тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) Өнім беруші жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;

2) Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда;

3) тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;

4) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда;

5) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

6) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

7) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

8) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;

9) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша. Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.



10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

12.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

12.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3 Осы Шарт талаптарының әрқайсысы басқа тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабарлар етуге міндеттенеді.



12.5 Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын, контрагенттің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы актілер.

12.6 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13 Өзге де шарттар

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3 Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі жағдайында жасалған шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі. Бұл ретте, егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарды шетелдік шығарылған тауарлармен ауыстыруға жол берілмейді.

13.4 Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Ескертпе: Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау бойынша өнім берушіге қойылатын талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Бас
әскери клиникалық госпиталі" республикалық
мемлекеттік мекемесі
г.Астана, Бейбитшилик, 47А
БСН 000340005229
БСК ККМФКЗ2А
ЖСК KZ92070101KSN0000000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 87172-573342; 573341; 87787611071; 87787611036;
87787611016

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті)
басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан
кезде қаражат алушы):
"KASTORG" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
г.Алматы, Медеуский район, проспект Н.Назарбаева, 42
БСН/ЖСН 190840028411
БСК IRTYKZKA
ЖСК KZ7696502F0013234420
"ForteBank" АҚ
Тел.: 87773006555
Басшысы Хватова Марина Викторовна

Басшысы Маруфов Асқар Яхьяханович
Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан
Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз
тасығыштағы құжатпен бірдей.



Абревиатураларды таратып жазу:
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 16293948-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
003--167 : Ерекше шығындар												
85353133-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Ерітінді	буферлік, рН 5,5	автоматты хемилюминесценттік иммунологиялық анализатордың(ХЛИА) талдау жүргізуде магниттік микробөлшектерді жууға арналған жуғыш сұйықтық алу үшін сұйылтылатынерітінді	Бума	1	26 836.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	26 836.00
85353327-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдау үшін	"MAGLUMI X3автоматты хемилюминесцентті иммуноанализаторларына арналған протастағатән антигенді (жалпы ПСА) анықтауға арналған сандық тест.Жиынтықтағытесттерсаны:50дана. Жиынтықтықкомплектациясы:Сапаны бақылау материалы, жоғарғы калибратор,төменгі калибратор, буферлік ерітінді.Қатты реакциялық фазаретіндемагниттінаношариктер қолданылады. Жиынтықта реагенттер туралы ақпарат пенкіріктірілген калибровкалық қисықты қамтитынRFID-таңба бар. Калибраторлар кіріктірілген калибровкалық қисықты екі нүкте бойынша түзету үшін қолданылады.Калибровка4аптабойытұрақты. қисықты екі нүкте бойынша түзету үшін қолданылады.Калибровка4аптабойытұрақты. "	Жиынтық	1	157 727.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	157 727.00



85353434-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3 Автоматты хемилюминесцентті иммуноанализаторларына арналған тиреостимулдаушы гормонды (TSH) немесе тиреотропин) анықтауға арналған сандық тест. Жиынтықтағы тесттер саны: 100 дана. Жиынтықтың құрамы: 1 деңгейлі сапаны бақылау материалы, 2 деңгейлі сапаны бақылау материалы, жоғарғы калибратор, төменгі калибратор, буферлік ерітінді. Қатты реакциялық фазаретінде магнитті наношариктер қолданылады. Жиынтықта реагенттер туралы ақпаратты және кіріктірілген калибрлеу қисығын қамтитын RFID-белгі бар. Калибраторлар кіріктірілген калибрлеу қисығын екінүкте бойынша түзету үшін қолданылады. Калибрлеу 4 апта бойы тұрақты. "	Жиынтық	1	71 731.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	71 731.00
85352319-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	MAGLUMI X3 Автоматты хемилюминесцентті иммуноанализаторларына арналған С-пептидті (С-Peptide) сандық анықтауға арналған тест. Жиынтықтағы тесттер саны: 100 тест Жиынтықтың құрамы: сапаны бақылау материалы, жоғарғы калибратор, төменгі калибратор, буферлік ерітінді. Қатты реакциялық фаза ретінде магнитті нано бөлшектер қолданылады. Жиынтықта реагенттер туралы ақпарат пен кірістірілген калибрлеу қисығын қамтитын RFID-таңба бар. Калибраторлар кірістірілген калибрлеу қисығын екі нүкте бойынша түзету үшін пайдаланылады. Калибрлеу 4 апта бойы тұрақты	Жиынтық	1	146 388.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	146 388.00
85353284-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3 автоматты хемилюминесцентті иммуноанализаторларына арналған лютеиндеуші гормонды (LH) сандық анықтауға арналған тест. Жиынтықтағы тесттер саны: 100 тест Жиынтықтың құрамы: сапаны бақылау материалы жоғарғы калибратор, төменгі калибратор, буферлік ерітінді. Қатты реакциялық фаза ретінде магнитті нано бөлшектер қолданылады. Жиынтықта реагенттер туралы ақпарат пен кірістірілген калибрлеу қисығын қамтитын RFID-таңба бар. Калибраторлар кірістірілген калибрлеу қисығын екі нүкте бойынша түзету үшін пайдаланылады. Калибрлеу 4 апта бойы тұрақты. "	Жиынтық	1	87 569.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	87 569.00
85353462-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3 Автоматты хемилюминесцентті иммуноанализаторларына арналған тироксинді (Т4) анықтауға арналған сандық тест. Жиынтықтағы тесттер саны: 100 дана. Жиынтықтың құрамы: Сапаны бақылау материалы, жоғарғы калибратор, төменгі калибратор, буферлік ерітінді. Қатты реакциялық фазаретінде магнитті наношариктер қолданылады. Жиынтықта реагенттер туралы ақпаратты және кіріктірілген калибрлеу қисығын қамтитын RFID-белгі бар. Калибраторлар кіріктірілген калибрлеу қисығын екінүкте бойынша түзету үшін қолданылады. Калибрлеу 4 апта бойы тұрақты. "	Жиынтық	1	71 731.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	71 731.00
85352880-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	Жарық сигналын тексеруге арналған ерітінді старт-тық реагенттер 1 және 2-нің жарамдылығын, сондай-ақ өлшеу және дозалау құрылғыларының жұмыс сапасын тексеру үшін қажет. Жарық сигналын тексеру сериясындағы автоматты хемилюминесценттік иммунологиялық анализатордың көмегімен күн сайын бірінші талдау рәсімін жүргізер алдында немесе старттық реагенттердің жаңа партиясын қолданар алдында әр жолы орындалуы тиіс. Бұл бақылау процедурасы анализатордың дұрыс жұмыс істеуін және старттық реагенттердің жарамдылығын тексеруге мүмкіндік береді және анализатордың ақаулығына, старттық реагенттердің дұрыс орналастырылмауына немесе жарамдылық мерзімінің өтуіне байланысты қате нәтижелердің алынуын болдырмайды	Жиынтық	1	46 004.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	46 004.00



85353381-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3автоматты хемилюминесцентті иммуноанализаторларына арналған тиреоглобулинге қарсы аутоиммундықантиденелерді (TGA) анықтауға арналған сандық тест. Жиынтықтағытесттерсаны:100дана. Жиынтықтыңқұрамы:Сапаны бақылау материалы, жоғарғы калибратор, төменгі калибратор, буферлік ерітінді. Қаттыреакциялық фазаретінде магнитт наношариктер қолданылады. Жиынтықта реагенттер туралы ақпаратты және кіріктірілген калибрлеу қисығын қамтитын RFID-белгі бар. Калибраторлар кіріктірілген калибрлеу қисығын екінүкте бойынша түзету үшін қолданылады. Калибрлеу 4апта бойы тұрақты. "	Жиынтық	1	166 100.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	166 100.00
85353106-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Кювет	зерттеулер жүргізуге арналған, бір реттік	"Реакциялық модуль талдауларын автоматты хемилюминесценттік иммунологиялық анализаторды пайдаланатырып жүргізуге арналған Реак-циялық модуль: 6 × 64 (әрқайсында 6 ұясы бар) "	Бума	1	54 250.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	54 250.00
85353254-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3 автоматты хемилюминесцентті иммуноанализаторларына арналған пролактинді (PRL)санды қанықтауға арналған тест. Жинақтағытесттерсаны:100тест Жинақтыңқұрамы:сапаныбақылау материалы, жоғарғы калибратор, төменгі калибратор, буферлік ерітінді. Қатты реакциялық фаза ретінде магниттнанобөлшектер қолданылады. Жинақта реагенттертуралы ақпарат пен кірістірілген калибровкалыққисықты қамтитын RFID-таңба бар. Калибраторларкірістірілген калибровкалық қисықты екі нүктебойынша түзету үшін пайдаланылады. Калибровка 4апта бойы тұрақты "	Жиынтық	1	86 714.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	86 714.00
85353292-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3 автоматты хемилюминесцентті иммуноанализаторларына арналған фолликулды ынталандыратын гормонды (FSH) сандық анықтауға арналған тест. Жинақтағытесттерсаны:100тест Жинақтыңқұрамы:сапаныбақылау материалы, жоғарғы калибратор, төменгі калибратор, буферлік ерітінді. Қатты реакциялық фаза ретінде магнитті нанобөлшектер қолданылады. Жинақта реагенттер туралы ақпарат пен кірістірілген калибровкалық қисықты қамтитын RFID-таңба бар. Калибраторлар кірістірілген калибровкалық қисықты екі нүктебойынша түзету үшін пайдаланылады. Калибровка 4апта бойы тұрақты. "	Жиынтық	1	84 584.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	84 584.00
85353308-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3 автоматты хемилюминесцентті иммуноанализаторларына арналған эстрадиолды (Estradiol)сандық анықтауға арналған тест. Жинақтағытесттерсаны:100 тест Жинақтыңқұрамы:сапаныбақылау материалы, жоғарғы калибратор, төменгі калибратор, буферлік ерітінді. Қатты реакциялық фаза ретінде магнитті нанобөлшектер қолданылады. Жинақта реагенттертуралы ақпарат пен кірістірілген калибровкалыққисықты қамтитын RFID-таңба бар. Калибраторларкірістірілген калибровкалық қисықты екі нүктебойынша түзету үшін пайдаланылады. Калибровка 4апта бойы тұрақты "	Жиынтық	1	97 135.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	97 135.00
85352487-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	Хемилюминесценттікжарықсигналынқалыптастыруға арналған старттық реактивтер САҚТАУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫСтартты креактивтер түпнұсқа флакондарда тығызжабылған күйде сақталуы тиіс. Реактивтерді жапсырмада көрсетілген жарамдылық мерзімі аяқталғанға дейін (өндірілген күнінен бастап 12 ай) 15-30°С температурада сақтау қажет. Құрылғы ішінде сақтау кезіндегі тұрақтылығы: 4апта. Реактивтер тікелей күнсәулесінің әсеріненқорғалуы тиіс	Жиынтық	1	304 460.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	304 460.00



85353420-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3 автоматты хемилюминесцентті иммуоанализаторларына арналған бос тироксинді (FT4) анықтауға арналған сандық тест. Жиынтықтағытесттерсаны:100дана. Жиынтықтыңқұрамы:1деңгейлісапаныбақылау материалы,2-деңгейлісапаны бақылау материалы, жоғарғы калибратор,төменгі калибратор, буферлік ерітінді.Қаттыреакциялық фазаретіндемагниттінаошариктер қолданылады. Жиынтықта реагенттер туралы ақпаратты жәнекіріктірілгенкалибрлеуқисығынқамтитынRFID-белгі бар.Калибраторлар кіріктірілген калибрлеу қисығын екінүкте бойынша түзету үшін қолданылады.Калибрлеу4апта бойытұрақты. "	Жиынтық	1	71 731.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	71 731.00
85353336-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3автоматты хемилюминесцентті иммуоанализаторларына арналған простатағатән антигенді (жалпы ПСА) анықтауға арналған сандық тест.Жиынтықтағытесттерсаны:50дана. Жиынтықтыңкомплектациясы:Сапаны бақылау материалы, жоғарғы калибратор,төменгі калибратор, буферлік ерітінді.Қатты реакциялық фазаретіндемагниттінаошариктер қолданылады. Жиынтықта реагенттер туралы ақпарат пенкіріктірілген калибровкалық қисықты қамтитынRFID-таңба бар. Калибраторлар кіріктірілген калибровкалық қисықты екі нүкте бойынша түзету үшін қолданылады.Калибровка4аптабойытұрақты. қисықты екі нүкте бойынша түзету үшін қолданылады.Калибровка4аптабойытұрақты. "	Жиынтық	1	157 727.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	157 727.00
85353214-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3 автоматты хемилюминесцентті иммуоанализаторларына арналған В12 витаминін (Vitamin B12)сандық анықтауға арналған тест. Жинақтағытесттерсаны: 100тест Жинақтыңқұрамы:-деңгейлі сапаны бақылау материалы, - деңгейлі сапаны бақылау материалы, жоғарғы калибратор, төменгі калибратор, буферлік ерітінді.Қатты реакциялық фаза ретінде магнитті нанобөлшектер қолданылады. Жинақта реагенттертуралы ақпарат пен кірістірілген калибровкалыққисықты қамтитын RFID-таңба бар. Калибраторларкірістірілген калибровкалық қисықты екі нүктебойынша түзету үшін пайдаланылады. Калибровка 4апта бойы тұрақты. "	Жиынтық	1	201 116.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	201 116.00
85338695-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3 иммуоанализаторына арналған Тест принципі: In vitro жағдайында адам қанының сарысуындағы инсулинді (Insulin) сандық анықтауға арналған. Жинақтағы тесттер саны: 100 тест Жинақтың құрамы: 1-деңгейлі сапа бақылауы, 2-деңгейлі сапа бақылауы, жоғарғы калибратор, төменгі калибратор, буферлік ерітінді.Қатты реакциялық фаза ретінде магнитті нанобөлшектер қолданылады. Жинақта реагенттер туралы ақпарат пен кірістірілген калибровкалық қисықты қамтитын RFID-таңба бар. Калибраторлар кірістірілген калибровкалық қисықты екі нүкте бойынша түзету үшін пайдаланылады. Калибровка 4 апта бойы тұрақты. "	Бума	1	281 066.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	281 066.00
85353455-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3 автоматты хемилюминесцентті иммуоанализаторларына арналған жалпы трийодтиронинді (Т3) анықтауға арналған сандықтест. Жиынтықтағытесттерсаны:100дана. Жиынтықтың құрамы:Сапаны бақылау материалы, жоғарғы калибратор,төменгі калибратор, буферлік ерітінді.Қаттыреакциялық фазаретіндемагниттінаошариктер қолданылады. Жиынтықта реагенттер туралы ақпаратты жәнекіріктірілгенкалибрлеуқисығынқамтитынRFID-белгі бар.Калибраторлар кіріктірілген калибрлеу қисығын екінүкте бойынша түзету үшін қолданылады.Калибрлеу4апта бойытұрақты. "	Жиынтық	1	71 731.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	71 731.00



85353247-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3 автоматты хемилюминесцентті иммуноанализаторларына арналған тестостеронды (Testosterone)сандық анықтауға арналған тест. Жинақтағытесттерсаны:100 тест Жинақтыңқұрамы:сапаны бақылау материалы, жоғарғы калибратор,төменгі калибратор, буферлік ерітінді.Қатты реакциялық фаза ретінде магниттіанобөлшектер қолданылады. Жинақта реагенттертуралы ақпарат пен кірістірілген калибровкалыққисықты қамтитын RFID-таңба бар. Калибраторларкірістірілген калибровкалық қисықты екі нүктебойынша түзету үшін пайдаланылады. Калибровка 4апта бойы тұрақты "	Жиынтық	1	84 602.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	84 602.00
85353409-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3автоматты хемилюминесцентті иммуно анализаторларына арналған бос трийодтиронинді (FT3) анықтауға арналған сандық тест. Жиынтықтағытесттерсаны:100дана. Жиынтықтыңқұрамы:1деңгейлісапаныбақылау материалы,2-деңгейлісапаны бақылау материалы, жоғарғы калибратор,төменгі калибратор, буферлік ерітінді.Қатты реакциялық фазаретіндемагниттіанобөлшектер қолданылады. Жиынтықта реагенттер туралы ақпаратты жәнекіріктірілгенкалибрлеуқисығынқамтитынRFID-белгі бар.Калибраторлар кіріктірілген калибрлеу қисығын екінүкте бойынша түзету үшін қолданылады.Калибрлеу4апта бойытұрақты. "	Жиынтық	1	71 731.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	71 731.00
85353477-ОИ2	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің "Бас әскери клиникалық госпиталі" республикалық мемлекеттік мекемесі	Реагенттер жинағы	автоматтық иммунологиялық хемилюминесценттік талдауыш үшін	"MAGLUMI X3автоматты хемилюминесцентті иммуноанализаторларына арналған қатерлі ісік антигені СА 15-3 анықтауға арналған сандық тест. Жиынтықтағытесттерсаны:100дана. Жиынтықтыңқұрамы:Сапаны бақылау материалы, жоғарғы калибратор,төменгі калибратор, буферлік ерітінді.Қаттыреакциялық фазаретіндемагниттіанобөлшектер қолданылады. Жиынтықта реагенттер туралы ақпаратты және кіріктірілгенкалибрлеу қисығын қамтитынRFIDбелгі бар. Калибраторлар кіріктірілген калибрлеу қисығын екінүкте бойынша түзету үшін қолданылады. Калибрлеу 4апта бойы тұрақты. "	Жиынтық	1	178 594.00	наурыз	наурыз	Астана қ., Сарыарқа ауданы Астана қ., Сарыарқа ауданы Бейбітшілік 47А (1)	0	178 594.00



Договор о государственных закупках товаров

г.Астана

№000340005229/260037/00

Республиканское государственное учреждение "Главный военный клинический госпиталь" Министерства обороны Республики Казахстан, именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Маруфов Аскар Яхьяханович, действующий на основании Устава, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "KASTORG", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Хватова Марина Викторовна, действующий на основании Приказа, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 1 июля 2024 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2026-02-12 года № 16293948-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 003--167 ;

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
